🐄 **Сиырдың тапсырмасы**

1- ші тапсырма: 7 санға байланысты не білеміз?
Аптаның 7 күні, 7 ата , кемпірқосақтың 7 түсі.
Бір аптада неше күн бар?







1-10 тура және кері санау

🌳 **Ағаштың тапсырмасы**

Тақырыбы: Салыстыру
Ағашта 2 алма 🍎🍎
Жерде 4 алма 🍎🍎🍎🍎
Қайсысы көп?

Қайсысы аз?
Жауабы:
Жердегі алма көп, ағашта аз.
Алмұрт пен алмаларды салыстыру.

👧👧 **Қыздардың тапсырмасы**

Заттарды санап, нешеу екенін бос ұяшықтарға жаз (жеке жұмыс)

🏪 **Дүкеншінің тапсырмасы**

Сәлеметсіңдер ме, балалар!
Менің дүкенімде көп зат бар. Оларды санап салыстырып, қайсысы артық, қайсысы кем екенін айтыңдар.
Дұрыс санаған бала —нағыз зерек бала!
Тақырыбы: Азайту (көрнекі)
Дүкенде 6 тостаған болды.
Мақта қыз 1 тостаған сатып алды.
✅ 5 тостаған қалды

«*Қай қолымда көп?» ойыны.*
Мақсаты: Заттардың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету.
Көрнекілік: Асықтар,топтағы ұсақ заттар.



Бес асықтың екеуін
Досым сұрап алады.
Айтшы сонда нешеуі
Өз қолымда қалады?

Жұптық тапсырма:

Ойын тапсырмасы: «Әмиян ».1-10 дейін сандар
Әмиян", ойындары, ақша жұмсауды үйрету.
• Санай білу, салыстыру, таңдау дағдыларын дамыту;



🐔 **Тауықтың тапсырмасы**

🐔 Тауықтың сөзі

Қыт-қыт, балапандарым!
Менің жұмыртқаларымды санауға көмектесіңдер. дұрыс жауап берсеңдер, сендер нағыз ақылды бала боласыңдар!
Тақырыбы: Қосу
Тауық 2 жұмыртқа тапты 🥚🥚
Тағы 1 жұмыртқа тапты 🥚
Барлығы неше жұмыртқа?
Жауабы: 3

3. Сергіту сәті "Оюлар"

🐭 **Тышқанның тапсырмасы**

🐭 Тышқанның сөзі

Шиқ-шиқ, балалар!
Мен кішкентаймын, бірақ салыстыруға шебермін. Ұқыпты бала — ақылды бала!
🎲 –Салыстыру (жеке тапсырма)
Мақсаты: Артық / кем / тең белгісін қою (+ − =).

Шығармашылық:

Өрнекті киіз үйлерге геометриалық пішіндер жапсыру.

Қорытындылау . Word Wall Артық / кем / тең заттарды табу

Тышқан мысыққа рахмет айтып, бір қап тары береді, мысық дәнді тауыққа береді, мысық жұмыртқаны дүкеншіге береді, дүкенші мысыққа сағыз береді, сағызды мысық қыздарға береді, қуанған қыздар мысыққа су береді, суды мысық ағашқа құяды, шөлі қанған ағаш мысыққа жапырақ береді. Жапырақты мысық сиырға береді, сиыр оған қатық береді, қатықты мысық Мақта қызға берді.

Мысық: Мақта қыз, қатығың міне мен енді бұзық болмаймын, айтқаныңды тыңдаймын,- деп қатықты қызға берді.

Мысық: — Рахмет, балалар! Құйрығымды қайтарып алдым!

Рефлексия: «Қоржын әдісі»

Мадақтау. Педагог сұрақ- жауап арқылы қорытындылап, балаларды мадақтайды.

Есенгазиева Мейрамгул Кенесовна
Мектепалды сынып тәрбиешісі, педагог-сарапшы
Қадыр Мырза Әлі атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектебі
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы



ДЫБЫСТЫҚ ТАЛДАУ

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау

Міндеттері:

1. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіруді жалғастыру. Дыбыс, буын, сөйлем тақырыптарын қайталау.

2. Балалардың сөз құрамындағы дыбыстарды дұрыс ажырата білу дағдыларын қалыптастыру.

3.Балалардың дұрыс сөйлеуін, ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптер. ЖИ, планшет

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің мазмұны:

Шаттық шеңбері. Амандасу «Біздің сынып»

Апта дәйек сөзі: ЖИ арқылы айту «Жақсы бала-тәртіпті бала»

Балалар дәйек сөзді қайталайды.

Сұрақ-жауап:

1.-Балалар! тәртіпті бала деп қандай баланы айтамыз?

2.-Жақсы оқушы болу үшін не істеу керекпіз?

-Дұрыс айтасыңдар балалар, әдепті, тәртіпті оқушы болу үшін сабақты жақсы оқып, бүгінгі берілген тапсырмаларды мұқият орындау керек**.**

- Үлкендерді құрметтеу керекпіз, кішіге қамқор болу керек екенбіз.

Сондықтан да бүгін ақылды, тәртіпті оқушы болып, іс-әрекетіміздегі негізгі міндетіміз сөздерге дыбыстық талдау жасауды әрі қарай жалғастырамыз, сөздерге сөйлем құрап, сызбасын сызамыз.

Сұрақ-жауап

-Балалар дыбыс дегеніміз не? Дыбысты не істейміз?

-Дыбыстар нешеге бөлінеді?

-Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Дауыссыз дыбыстарды ше?

-Дұрыс айтасыңдар балалар. Дыбысты естиміз, айтамыз екен. Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінеді екен.

-Балалар барлығымыз сиқырлы экранға назар аударайық:

Дидактикалық ойын*: «Кім шапшаң?» Экранмен жұмыс*

Көк түсті шаршыны көрсетіп, дауыссыз дыбыстан басталатын және қызыл түсті көрсетіп дауысты дыбыстан басталатын сөздерді тапқызу

3. Тақтамен жұмыс.Тақтаға суреттер ілу**.**

Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл. Тақтаға суреттер ілу (ата,әже,бала).


Балалар кезекпен тақтаға шығып сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Неше буын, дыбыстан тұратынын айтады

Планшетпен жұмыс .Сөйлем сызбасын сызу.


-Балалар, енді осы сөздерді (ата,әже,бала) қатыстыра отырып сөйлем құрап,планшетке сөйлем сызбасын жазамыз. Қане барлығымыз планшетімізді қосып,арқамызды тік ұстап, дұрыстап отырып алайық, тапсырманы орындайық.

1.Балалар алдарындағы планшетке берілген сурет бойынша 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрап, сызбасын сызады.

Бала сабақ оқыды. Ата бата берді.



Әже әдемі көрпе тікті.



Сергіту сәті .Интерактивті тақтамен «Ұлттық оюлармен»

2. Дыбыстық талдау жаса.

-Әр оқушыға үлестірмелі карточкалар беру.Карточкадағы тапсырмада ненің суреті екенін айтып сипаттайды,сол сөзге дыбыстық талдау жасайды.

Қорытынды,мадақтау

-Балалар бүгінгі тапсырмалар қызықты болды ма сендерге?

-Ендеше тағы да қызықты ойын-тапсырма арқылы іс-әрекетімізді қорытындылайық... **Дидактикалық ойын! «Кім зейінді?»**

Тақтадағы жапсырулы тұрған бөлшектерден дыбысқа(әріпке) байланысты суретімен сәйкестендіріп құрастырады.

«Т» -тырна, Қ-қасқыр, Б-бақа т.б

Балаларды мадақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айту.

-Балалар! Ұйымдастырылған іс-әрекет қызықты болды ма?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, бас бармағымызды жоғары көтерейік!

-Жақсы қатысқандарың үшін тәттілермен марапаттаймын сендерді.

-Келген қонақтарға сау болыңыздар айтайық!

Бертагова Асыл Қаматайқызы
Ағылшын тілі пәні мұғалімі
”№2 мектеп-гимназия” КММ
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы



«ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК»

Күні	
Сынып жетекші	Бертагова Асыл Қаматақызы
Сынып: 7	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сынып сағатының тақырыбы	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік»
Сынып сағатының мақсаты	Оқушыларға құқықтық тәртіп пен әлеуметтік жауапкершілік ұғымдарын айта отырып, олардың өмірдегі маңызын түсіндіру. Оқушыларды өз көзқарасын білдіруге, пікір айтуға, дәлел келтіруге дағдыландыру. Коммуникативтік, көшбасшылық және топтық жұмыс дағдыларын дамыту.
Қауіпсіздік сабағының тақырыбы	Желідегі қауіпті хобби (Треш-стрим)
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	Желідегі қауіпті хоббилерді тануға және олардан аулақ болуа үйрету
Құндылықтарды дарыту	Жасампаздық және жаңашылдық айы
Апта дәйексөзі	«Өнерлі бала өрге жүзер»

Сабақтың барысы

Кезең, уақыт	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Басы (10 мин)	**Әнұран** I. **Ұйымдастыру кезеңі** Бүгінгі сабағымыз нағыз білімге толы, қызықты саяхат түрінде өтеді. Экипаж командирі- мен, Асыл Қаматайқызы. Олай болса біздің ұшағымыз жақсы көңіл-күйсіз ұшпайды, ол үшін дөңгеленіп тұрып, жылы лебіздерімізді білдірейік! Психологиялық ахуал ***«Жылы эмоция – сәтті сапардың кепілі»*** арқылы жүзеге асады. **Топқа бөлу.** Оқушылар, «Сапарларыңыз сәтті болсын!» әдісі арқылы чемодандарды таңдау арқылы 2 топқа бөлінеді. ***Топ атаулары:*** 1. Саяхат 2. Экскурсия Сіздер ұшаққа отырмас бұрын, экипаж-дарыңыз тексеріледі. Ол үшін жүк сөмкелерімізге тек жақсы қасиеттерімізді саламыз. Сонымен бүгінгі жаңа ашық тәрбие сағатымыздың тақырыбы: “Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік” еліне саяхат.	Оқушылар бір-біріне жылы лебіз білдіреді Топқа бөлінеді Оқушылар қысқа әрі нақты жауап береді.	Ұшақ II

	Оқушыларға сұрақтар қойылады: - Құқықтық тәртіп дегеніміз не? ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП – бұл қоғамда орнатылған заңдар мен ережелердің орындалуы. Маңызы: ➢ Қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді; ➢ Адамдардың қауіпсіздігін сақтайды; ➢ Әділеттілік пен теңдік қағидаларын орнатады. - Әлеуметтік жауапкершілік дегеніміз не? ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК – адамның қоғам алдындағы міндеттері мен жауапкершілігі. Мысалы: ➢ Қоғамдық орындарды таза ұстау; ➢ Үлкендерді құрметтеу; ➢ Заңдарға бағыну. Тақырыпқа байланысты Жасанды интеллект арқылы бейне көрсетіледі. *Тақырыпқа байланысты Жасанды интеллект арқылы бейне көрсетіледі.* *Тақырыптық бейнематериал көрсетіліп талданады.*		Google AI studio Veo 3 жасанды интеллектісі арқылы жасалынған бейне
Ортасы (20 мин)	**II. Негізгі бөлім — САЙЫС КЕЗЕҢДЕРІ (20 минут). Сынып сағатының барысы саяхат түрінде өткізіледі.** **кезең: «СӘТТІ БИЛЕТ»** **Әр топқа сұрақтар беріледі.** 1. Құқықтық тәртіп дегеніміз не? 2. **Әлеуметтік жауапкершілік дегеніміз не?** 3. Құқықтық тәртіпке не жатқызуға болады? 4. Құқықтық тәртіпке мысал келтір. 5. Әлеуметтік жауапкершілік түрлері қандай? ***6.*** Әлеуметтік жауапкершілікке мысал келтір. ***Толық әрі дұрыс — 1 ұпай*** **2-кезең: «САЯХАТ АРЕНАСЫ»** Нақыл сөздер ретсіз беріледі. Сөздерді мағынасына қарай қойып, рет-ретімен қою арқылы нақыл сөздерді дұрыс құрастыру керек. **Әр топқа нақыл сөздер беріледі:** 1) Әдепсіз өскен адамнан,…….. (Тәртіппен өскен тал артық) 2) Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,…… (Өнерімен қуантады түбінде) 3) Тәртіпті — …….(елдің ұлы) 4) Тәрбиелі — …….(тәртіптің құлы) 5) Өміріңнің сапасына тек сен (жауаптысың!) 6) Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар:…… (ең әуелі - ниет керек, одан соң - күш керек, одан соң - тәртіп керек) ***Әр дұрыс жауап — 1 ұпай***	**Оқушылар топ болып сұрақтарға жауап береді** ЖИ арқылы жасалған ұяшықтарды таңдау арқылы сұрақтарға жауап береді. Әр топқа дұрыс жауап үшін ұпай қосылады.	Слайд Слайд Слайд,

	Тыңдаңыздар!Тыңдаңыздар! ***Біздің ұшақ қауіпті алаңнан сәтті ұшып келеді, осы аймақтан тезірек өтіп кету үшін кейс тапсырмасы жағдаятты шешу керек.*** **3-кезең: «МИССИЯ: БІРЛІК» кейс тапсырма «Жағдаятты шешу».** *1-топқа:* **Мақсаты:** Құқықтық тәртіпті бұзудың салдарын түсіну. **Тапсырма:** Берілген жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап беріңдер. **ЖАҒДАЯТ:** 7-сынып оқушысы үзіліс кезінде мектептің дәлізіндегі қабырғаға маркермен өз атын және түрлі суреттер салып жазып кеткен. Мұны күзетші байқап, сынып жетекшісіне хабарлайды. Оқушы бастапқыда мойындамайды, кейін камерадан дәлел табылады. **Сұрақтар:** 1.Бұл әрекет қандай тәртіп бұзушылыққа жатады? 2.Оқушы қандай жауапкершілікке тартылуы мүмкін? *2-топқа:* Мақсаты: Құқықтық тәртіпті бұзудың салдарын түсіну. **Тапсырма:** Берілген жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап беріңдер. **ЖАҒДАЯТ:** Қабырғаға жазу жазған оқушы ұсталып қалмау үшін «оны басқа сыныптың балалары істеді» деп айтады. Бірақ сыныптастары шындықты біледі. Бір оқушы бәрін айтып бергісі келеді, бірақ достары «сатқын болма» деп қорқытады. **Сұрақтар:** 1.Сен сол оқушының орнында болсаң не істер едің? 2.Шындықты айту дұрыс па, әлде досыңды қорғау керек пе? ***Шығармашылық пен бірлескен жұмыс — 3 ұпай*** **4-кезең: «ҰШАҚ» әдісі** ***Тапсырма:*** **Нақыл сөз құрастыру.** ✓ *Тәртіп – жауынгердің бірінші қаруы.* ✓ *Тәртіп — жеңістің алғашқы нышаны.* ✓ *Сыртқы тәртіпсіздік — адамның ішкі кемшілігі.* **Тәртіпсіз ел болмайды,тәртіпке бас иген құл болмады де келе, келесі бізде ролдік ойын.** **(Жылдам әрі дұрыс орындау — бонус 1 ұпай)** **5-кезең: «Тәртіпті жолаушы – сәтті саяхат »** «Сот отырысы» **рөлдік ойыны.** *1-топқа:* Жағдаят: Оқушы мектеп қабырғасына жазу жазып, мүлікті бүлдірді.	Оқушылар топ болып,ситуа-циялық сұрақ-қа жауап береді. Оқушылар өз ойларын ортаға салады. **Шешімін постерге түсіріп, қорғайды.** Жағдайды талдайды. Оқушылар ретсіз берілген сөздерді құрастыру арқылы тапсырманы орындау қажет. Оқушылар топ болып рөлдерге бөлініп, берілген жағдаятты талқылау сұрақтары арқылы шешу керек.	А3 парақ, түрлі-түсті карандаштар, маркерлер Слайд, А3 парақтар Слайд

	Талқылау сұрақтары: 1. Бұл қандай тәртіп бұзушылық? 2. Қандай жауапкершілік болады? 3. Қалай алдын алуға болады? **Рөлдер:** - Судья - Құқық бұзушы - Куәгер - Мектеп әкімшілігі - Ата-ана - Қорғаушы ***2-топқа:*** Жағдаят: Сабақтан кейін екі оқушы ойнап жүріп, партаны сындырып қояды. Олар оны «кездейсоқ» болды деп жасырып кетеді. Ертеңіне мұғалім байқап, бүкіл сыныпты кінәлайды. **Талқылау сұрақтары:** 1. Бұл қандай тәртіп бұзушылық? 2. Қателікті мойындау не үшін маңызды? 3. Неліктен бүкіл сынып жазаланбауы керек? Рөлдер: - Судья - Құқық бұзушылар - Мұғалім - Мектеп әкімшілігі - Ата-ана - Қорғаушы ***Шығармашылық пен бірлескен жұмыс — 1 ұпай*** **Сергіту сәті «МЕМдерді қайтала»** **6-кезең: «Құқық па, міндет пе?» ойыны.** **Мақсаты: оқушының құқықтары мен міндеттерін ажырату.** **«Демалудың мәні – табиғат** **Туристің сәні – фотоселфи».** Тапсырма: Берілген сөздер мен сөз тіркестерін «Құқық» немесе «Міндет» бағандарына бөлу. Құқық: - Білім алу - Демалу - Пікір айту - Қауіпсіз өмір сүру - Тегін медициналық көмек алу Міндет: - Мектеп ережесін сақтау - Үлкенді сыйлау - Сабаққа қатысу - Қоғамдық тәртіпті бұзбау - Табиғатты қорғау - **1. Кіріспе (2 минутқа дейін)** Треш ағындары – бұл интернеттегі заңсыз әрекеттерді көрсету. Бұл мазмұнның төмен сапасымен, қақтығыс мазмұнымен ерекшеленетін онлайн трансляциялардың түрі. Олар әртүрлі	Сергіту сәтін орындайды	

Қауіп-сіздік сабағы (10 мин)	сайттарда өтеді: арнайы ағындық қызметтерде. Тікелей эфир опциясы бар үлкен бейне платформаларда: «Youtube», «VK бейнелері». Әлеуметтік желілерде және тікелей эфирде: «Одноклассники», «телеграмм», «Instagram» мүмкіндігі бар мессенджерлерде кездеседі. **2.Негізгі бөлім (6 минутқа дейін)** ● треш ағындарына қатысудан және көруден аулақ болыңыз; ● ересектерге немесе педагогтерге анықталған қоқыс ағындары туралы хабарлаңыз. **3.Қорытынды (2 минутқа дейін)Треш ағындары дегеніміз не?** (Интернеттегі тікелей эфирлер, онда заңға қарсы адамдарды қорлайтын әрекеттер көрсетіп, көрермен назарын аударуға тырысады.) **Треш ағындары несімен қауіпті?** (Балалардың психикасына зиян келтіреді, адамдарды қорлау, мазақтауды насихаттады.Жалпы заңсыз әрекеттер көрсетеді) **Өзіңе қандай ой түйдің?** (Интернеттегібәрі шынайы өмірге әсер етеді.Қауіпті контенттен аулақ болу керек)		**https://youtu.be/CzNjRdhY65E?si=d3gFGIZMzS2jjbUq**
Сабақ-тың соңы (5 мин)	**III. Қорытынды бөлім (5 минут)** ***Марапаттау*** Номинациялар: • «Ең ұйымшыл топ» • «Ең тапқыр топ» Біздің саяхатымыз аяқталды. Бірақ ең маңызды саяхат- ол шынайы өмірдегі біздің іс- әрекетіміз. Бүгін алған біліміміздіжүрегімізге салып, өмірде дұрыс бағыт таңдай білейік. Яғни әлеуметтік жауапкершілікпен құқықтық тәртіпті сақтай білейік! Әрқашан биік,белестен көріне беріңіздер! **Рефлексия:**  ***«Сынып сағатынан кейін білім***   ***багажыма не*** ***салдым?»*** **— түсіндім - әлі де ойланам - сұрағым бар**	Өз ойын айтады.	Слайд Стикерлер Дипломдар

Усманова Асима Ахмедгалиевна
Мектепалды сынып тәрбиешісі, педагог-модератор
Қадыр Мырза Әлі атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектебі
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы

БІЗ НЕ ҮЙРЕНДІК НЕ БІЛЕМІЗ?

Сауат ашу ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

Тақырыбы: «Біз не үйрендік не білеміз?»

Мақсаты: Сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру, коммуникативтік дағдыларды дамыту. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.

Міндеті:

- сөздерге дыбыстық талдау жасау, сөздегі дыбыстардың ретін, дауыстыжәне дауыссыз дыбыстарды анықтау.
- сөздерді буындарға бөлу, олардың санын анықтай отырып, берілген буынға сөз құрастыру.
- сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру.
- суретке сай жай сөйлемдер құрастыру.

Балалар сыныпқа келген қонақтармен жалпы амандасады.

Шаттық шеңбері Күнім күліп арайлы,
Тереземнен қарайды.
Достарыммен көңілді,
Тұрғанымды қалайды.
Қуанамыз күлеміз,
Бар әлемде сүйеміз,
Шын жүрекпен, қуанып,
Әрқашан бір жүреміз!

Т: Балалар бүгін мен сыныпқа келсем осындай ерекше көрніске тап болдым. Бізге қонаққа сандықтар келіпті. Қасынан хат көрдім, оны оқу үшін сендерді күттім, қане хатты мен оқиын сендер мұқият тыңдаңыздар.

Хат: Балалар мен білім елінің ханшайымы Зердемін. Бұл менің ғажайып сыр сандықтарым. Сендер білімді, тәрбиелі деп естідім. Менің сандықтарымдағы тапсырмаларды орындасаңыздар әр сандықтан алтын теңгеге ие боласыз! Ендеше теңгелерің көп, барлығыңызға жеткілікті болу үшін сіздерге сәттілік тілеймін!

Ендеше 1 сандық ашып көрейін. ***«Дыбыс»***

- «Тыңда! Ненің дыбысы?» / ненің дыбысы екенін ажыратып айтады.
- Бұлар табиғаттағы түрлі дыбыстар. Біз дыбысты не істейміз? /естиміз, айтамыз/
- Ал дыбыстың жазбаша таңбасы әріпті біз не істейміз? /көреміз, оқимыз, жазамыз/
- Дыбыстар нешеге бөлінеді? /Екіге/
- Оларды атайық! /дауысты және дауыссыз/
- Дауысты дыбыстар қалай айтылады? /созылып/ ауыз қуысынан еркін шығады
- Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады? /қысқа/ ауыз қуысында кедергіге ұшырайды
- Олар қандай түспен белгіленеді? /дауысты қызыл, дауыссыз көк/

1. «Хат», «Бал» сөздеріне дыбыстық талдау жасау.
2. «Жасырынған дыбысты тап және боя!»

Т: Бірінші сандық тапсырмасы аяқталды, ендеше ішіндегі алтын теңгелерлі алайық.

Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата»	**Артығын тап**
Шарты: сөздер тобы айтылады, оларды бір сөзбен айту. Терезе, шатыр, қабырға ... *үй* Малақай, пальто, тон, плащ, етік, қолғап – ... *киім* Жапырақ, тамыр, діңгек,бұтақ ...ағаш Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... *ыдыстар* Дөңгелек,кузов,кабина, руль ... *көлік* Бас, аяқ, ауыз, өркеш ... *түйе* Көз, ауыз, желбезек ... *балық* Бас, қанат, аяқ – ... *құс* Құлақ, көз, жал – ... *жылқы* Бас, мүйіз, сақал – ... *ешкі*	*Шарты:* сөздер тобы арасынан артық сөзді тауып атау. Бас, қол, көз, қас, *тас* Алма, алмұрт, шие, бие Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, *фокус* Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, *жүзім* Балға, балта, ара, егеу, шеге, *терезе*

Тақтамен жұмыс:

- Балалар бұл ненің таңбасы? **/сөз/**

- Дұрыс айтасыздар, жаңа ғана ойнаған ойындар арқылы біздер бірнеше сөздер айттық. Сөз ол заттар атауы, қимыл әрекеттің атауы. Сөз арқылы біз өзара қарым-қатынас орнатамыз.

- Осы сөздер бір, екі, үш және одан да көп бөліктерге бөлінеді.Сөздің әр бөлігін не деп айтамыз? **/буын/**

- Әр буында қандай дыбыс болады? /дауысты/

Д/қ о: «Буыннан сөз құра»

Шарты: «ба», «та» «ша» буындарын пайдаланып сөз құрайды.

Д/қ тапсырма: «Буындар үйі»

шарты: Қаз, ит, қой, шағала, қызанақ, тоқылдақ, алмұрт, әтеш,алма сурет топшамалары көрсетіледі, балалар буынға бөліп, үйлерге орнатады.

Т: Екінші сандық тапсырмасы аяқталды, ендеше ішіндегі алтын теңгелерлі алайық.

Сергіту сәті

«Бәрінен де мен күшті», –
Деп айтады оң қол.
«Неге сен? Ал мен ше!»
–Деп келіспейді сол қол.
Екі қолдың күштерін,
Кәне, сынап көрейік.
Оңға солға тартайық,
Достастырып қайтайық.

Тақтамен жұмыс

- Балалар мынау ненің сызбасы ? /Сөйлем/ Дұрыс сөйлем белгілі бір ойды білдіреді.

- Сөйлем нелерден тұрады ? /сөздерден/

- Сөйлемнің алғашқы сөзі қандай әріппен жазылады? /Бас әріп, үлкен әріп/

- Сөйлем аяқталғасын қандай тыныс белгісі қойылады? /нүкте/

Д/қ о: «**Сөйлемді толықтыр,** кері әрекетті айт»

1. Асан кірді, анам ... (шықты)
2. Анам шәй құйды, бөпешім оны ... (төкті)
3. Айгүл үй жинады, ал Айсұлу ... (шашты)
4. Әкем келді, ағам ... (кетті)
5. Атам сандықты ашты, ал әжем ... (жапты)

Өзіндік жұмыс: суреттер таратылады. Балалар өз қалаулары бойынша сөйлем ойлап жазады. Жазған сөйлемдерін оқып береді.

Диманова Сандигул Махсотовна
Мектепалды сынып тәрбиешісі, педагог-сарапшы
Қадыр Мырза Әлі атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектебі
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы



ТАҢҒАЖАЙЫП ҒАЛАМШАР (Н.А.ЗАЙЦЕВ ТЕКШЕЛЕРІМЕН ОЙЫНДАР)

Тақырыбы: Таңғажайып ғаламшар (Н.А.Зайцев текшелерімен ойындар).

Мақсаты: балаларды текшелер арқылы буындарды оқып, сөздерді құрастыруға дағдыландыру. Тілдерін дамытып, сұрақтарға жауап алу. Логикалық ойлауды, танымдық қабілеттерін, зейіндерін, қызығушылықтарын ояту, қиялдарын дамыту. Тапқырлыққа, бірлікке, достыққа тәрбиелеу.

Түрі: Ойын «Ғажайып алаң».

Қолданылған көрнекіліктер: Н.А.Зайцев текшелері, магниттік тақта, маркер, сиқырлы текшелер, фонарик, Н.А.Зайцев кестесі, зымыран, домино, ғарыш кемесі, ғажайып алаң барабаны, губка, дайын трафарет, видео (сергіту сәті).

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, ғажайып сәт, ойындар: «текшелермен әндету», «сиқырлы текшелер», «ғаламшар атаулары», «күлкілі сөздер», «домино», «текшедегі буындарды ата».

Музыка әуенімен («Марс» әні) балалар залға билеп кіреді.

Тәрбиеші: -Балалар, бүгін біз «Марс» ғаламшарына ұшып келдік. Бізбен қатар ғаламшарға қонақтар келіп қалыпты. Қонақтармен амандасайық.

-Сәлеметсіздер ме !

Аудио: -Назар аударыңыздар ! Назар аударыңыздар ! біздің бақылау камерамыз «Ғажайып алаңға» бағытталған.

Тәрбиеші: -Балалар, сіздерді ортаға ойын алаңына шақырамыз. Ғажайып алаңның барабанын айналдыру арқылы Н.А.Зайцев текшелерімен тапсырмаларды орындап ғаламшарды зерттейміз. (Тапсырмалар конвертте тұрады). Біз тапсырмаларды орындаған сайын тақтадағы ұяшықтар ашылады.

1-тапсырма-Марс:

Текшелермен әндету. –Балалар, текшелер ұйықтап қалыпты. Олар бізбен ойнау үшін әндетуіміз керек. Ол үшін текшелермен бірге ән айтайық (пианинонның сүйемелдеуімен «Тәуелсіздік әніне»буындарды әндетіп оқиды).

2-тапсырма-Сатурн:

Сұрақ-жауап:-Балалар, 12 сәуір қандай күн ? (ғарышкерлер күні).

-Балалар, Қазақстанның ғарышкерлерін білеміз бе ? Ғарышкер ағаларымыздың аты-жөнін атайық (Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов).

-Балалар ғарыш туралы тақпақ білеміз бе ?

Ахмет: Аспан, аспан, арайлым,
Саған жиі қараймын.
Сені көзбен шоламын,
Мен ғарышкер боламын.

Кәусар:Ғарышқа ұшқан қазақтан,
Ғарышкерді білеміз.
Тоқтар, Талғат, Айдын деп,
Айтып, мақтап жүреміз.

3-тапсырма-Жер:

Сиқырлы текшелер (фонарикпен оқу). –Балалар, мына текшелерден жазу, сан көріп тұрмыз ба ? Текшелерге фонарикпен жарық түсіру арқылы буындарды оқиық.***Музыкалық үзіліс*** *(Видео, «Мен ғарышкер боламын»), (бойымызды сергітіп аламыз).*

4-тапсырма-Шолпан:

Интерактивті тақтадан текшелердегі сөздерді оқып, магниттік тақтаға (Аспан, Жер, Күн) сөздерін жазу.

5-тапсырма-Юпитер:

«Домино» ойынын ойнайық. Ойынды екі топқа бөлініп ойнаймыз.

–Балалар доминода 1-6-ға дейінгі сандарға сай нүктелер бар, сол нүктелер бойынша құрастырып ойнаймыз. Ойынды бос торкөзден бастаймыз.

6-тапсырма-Уран:

Ғаламшар атаулары. -Балалар, бұл тапсырманы екі топқа бөлініп орындаймыз. Күн жүйесін айналып сегіз ғаламшар жүреді. Атайық.

1-топ.Ғаламшарлардың атауларын Н.А.Зайцев текшелері арқылы құрастырып оқимыз.

2-топ:Күлкілі сөздер (-Балалар, өзге ғаламшардағы адамдар өз тілінде сөйлейді, солардың тілдерінде текшелерден сөздер құрастырып оқиық
(3 текшеден)).

Шығармашылық (Дәстүрден тыс әдіс, дайын трафаретке түрлі-түсті гуашь жағылған губканы оң жаққа сағат тілінде бұра отырып дөңгелегімізді бояймыз. Өзіміздің қиялымыздағы ғаламшардың суреті шығады).

Тәрбиеші: - Ұяшықтағы құпия сөзді оқиық.

Ғ	А	Л	А	М	Ш	А	Р

Тәрбиеші: -Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық ? (ғажайып алаң)

-Текшелерден қандай сөздер құрадық ? (жер, марс, юпитер т.с.с)

-Балалар, барабанды тағы бір айналдырайық (**приз**).

-Балалар, тыңдайықшы бір дыбыс естілетін сияқты («Ғарыш кемесінің» ұшып келген дауысы).

-Балалар, бізге «Ғарыш кемесі» ұшып келіпті. Бүгін барлықтарыңыз ойынға өте жақсы қатыстыңыздар. Біз сіздерге ризамыз. «Ғарыш кемесі» сіздерге сыйлық алып келген.

- Балалар, біз «Марс» ғаламшарынан өз ғаламшарымызға ұшайық.

Ол үшін мына «Сиқырлы зымыранымызды» от алдыруымыз қажет.

Текшедегі буындарды ата (зымыранмен ойын, «Д» текшесімен).

(Музыка әуенімен).

Біз ғарышқа ұшамыз,
Аспанды зерттеп шоламыз.
Зымыранымыз біздің сиқырлы
Кез-келген буынды оқимыз.

Тәрбиеші: -Балалар, ұшуға дайындалайық ! (кері санап ұшу).

Видео (зымыранның ұшуы) интерактивті тақтадан қосу (Музыка сүйемелдеуімен зымыранмен ұшып, қонақтармен қоштасып залдан шығып кету). Қорытындылау

Контажибекова Айгул Аргынбековна[1], информатика пәні мұғалімі
[1]"Б.Момышұлы атындағы орта мектеп мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар" КММ
Аканова Мира Хасенбаевна[2], информатика пәні мұғалімі
[2]«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясы» КММ
Жетісу облысы Алакөл ауданы

ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕМ: ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аннотация: мақалада информатика пәнін оқытудағы цифрлық әлемнің қосымша аспектілері қарастырылады. Пәнаралық интеграция, цифрлық жобалау, стартаптық ойлау, ақпараттық этика, бұлттық технологиялар, креативті индустриялар және цифрлық портфолио жүргізу мәселелері талданады. Автор заманауи технологиялар арқылы оқушылардың кешенді құзыреттерін дамыту жолдарын ұсынады.

Кілт сөздер: цифрлық әлем, информатика, пәнаралық интеграция, стартап, бұлттық технологиялар, ақпараттық этика, цифрлық портфолио, креативті индустрия, бағдарламалау, білім беру.

Қазіргі заманғы қоғам цифрлық трансформация кезеңін бастан кешіріп отырғандықтан, информатика пәнінің мазмұны мен оны оқыту әдістері түбегейлі жаңаруды талап етеді, себебі бұл пән оқушыларды тек компьютерлік сауаттылыққа үйретіп қана қоймай, оларды цифрлық әлемде тиімді әрекет етуге дайындайтын негізгі құралдардың бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда информатика мұғалімінің рөлі тек білім беруші емес, сонымен қатар цифрлық мәдениетті қалыптастырушы, оқушылардың алгоритмдік ойлауын дамытушы және жаңа технологияларды саналы қолдануға бағыттаушы тұлға ретінде айқындалады.

Аталған бағыттың жалғасы ретінде информатика сабағында алгоритмдік ойлауды дамыту мәселесіне ерекше назар аудару қажет, өйткені бұл дағды цифрлық әлемде табысты әрекет етудің негізі болып табылады. Оқушылар алгоритм құру, логикалық тізбектерді анықтау, мәселені кезең-кезеңімен шешу арқылы өз ойлау қабілеттерін жүйелейді. Бұл дағдылар тек бағдарламалауда ғана емес, өмірдің түрлі салаларында шешім қабылдау барысында маңызды рөл атқарады, сондықтан мұғалім бұл процесті жүйелі түрде ұйымдастыруы тиіс.

Сонымен қатар жаңа технологияларды оқыту барысында бағдарламалау тілдерін меңгерту оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді, себебі бағдарламалау – тек код жазу емес, идеяны жүзеге асыру құралы болып табылады. Оқушылар әртүрлі жобалар арқылы өз бағдарламаларын жасап, нақты нәтижеге қол жеткізеді, бұл олардың өзіне деген сенімін арттырып, пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. Мұндай тәсіл оқыту процесін жандандырып, оны практикалық бағытта дамытуға ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану информатика сабағының ажырамас бөлігіне айналып отыр, себебі интерактивті платформалар, онлайн курстар және виртуалды зертханалар оқушыларға білімді өз бетінше меңгеруге мүмкіндік береді. Мұғалім бұл ресурстарды сабақта тиімді қолдану арқылы оқушылардың дербес оқу дағдыларын қалыптастырып, олардың ақпараттық сауаттылығын арттыра алады. Бұл өз кезегінде оқушылардың цифрлық ортада еркін бағдарлауына жағдай жасайды.

Информатика пәнінде жаңа технологияларды оқыту барысында деректермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту да маңызды бағыттардың бірі болып табылады, себебі қазіргі қоғам ақпаратқа негізделген. Оқушылар деректерді жинау, өңдеу, талдау және визуализациялау арқылы ақпаратты тиімді пайдалануға үйренеді. Бұл олардың сыни ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, ғылыми негізделген қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады.

Сонымен бірге киберқауіпсіздік мәселелерін оқыту цифрлық әлемде қауіпсіз әрекет ету үшін маңызды шарттардың бірі болып табылады, өйткені интернет кеңістігінде түрлі қауіптер кездеседі. Мұғалім оқушыларға жеке деректерді қорғау, қауіпсіз пароль құру, ақпаратты

дұрыс пайдалану сияқты дағдыларды үйретуі тиіс. Бұл олардың цифрлық мәдениетін қалыптастырып, жауапты пайдаланушы ретінде дамуына ықпал етеді.

Осы бағыттың жалғасы ретінде жасанды интеллект, робототехника және үлкен деректер сияқты жаңа технологияларды оқыту информатика пәнінің мазмұнын кеңейтеді, себебі бұл бағыттар қазіргі заманның негізгі трендтері болып табылады. Оқушылар осы технологиялармен танысу арқылы болашақ мамандықтарға дайындалып, инновациялық ойлау қабілетін дамытады. Бұл олардың кәсіби бағдарлануына оң әсерін тигізеді.

Сонымен қатар информатика сабағында жобалық оқыту әдісін қолдану оқушылардың білімін практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді, себебі жобалар арқылы оқушылар нақты мәселелерді шешуге бағытталған өнімдер жасайды. Бұл олардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймай, командалық жұмыс дағдыларын қалыптастырады. Мұндай тәсіл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу процесін нәтижелі етеді.

Цифрлық әлем жағдайында информатика пәнін оқытуды тереңдете қарастыру барысында бұл бағыттың пәнаралық интеграциямен тығыз байланыста жүзеге асырылуының маңызы арта түсуде, себебі қазіргі технологиялар бір ғана сала аясында емес, түрлі ғылымдардың тоғысында дамиды. Осы тұрғыдан алғанда информатика пәнін математика, физика, география және тіпті гуманитарлық пәндермен байланыстыра оқыту оқушылардың кешенді ойлау қабілетін қалыптастырады. Мұндай тәсіл оқушыларға білімді бөлек-бөлек емес, біртұтас жүйе ретінде қабылдауға мүмкіндік береді және олардың практикалық мәселелерді шешу қабілетін арттырады.

Аталған бағыттың жалғасы ретінде цифрлық жобалау және стартаптық ойлауды дамыту мәселесі ерекше өзектілікке ие, өйткені қазіргі қоғамда инновациялық идеяларды жүзеге асыру маңызды құзыреттердің бірі болып табылады. Информатика сабағында оқушыларға өз идеяларын цифрлық өнімге айналдыруға мүмкіндік беру, мысалы, мобильді қосымша, веб-сайт немесе ойын жасау арқылы олардың креативтілігі мен кәсіпкерлік ойлауын дамытуға болады. Бұл тәсіл оқушыларды болашақта сұранысқа ие мамандықтарға бағыттап, олардың өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасайды.

Сонымен қатар цифрлық әлемде жұмыс істеу үшін ақпараттық этика мен академиялық адалдық қағидаларын қалыптастыру маңызды, себебі ақпараттың қолжетімділігі оның дұрыс қолданылуын да талап етеді. Мұғалім оқушыларға авторлық құқықты сақтау, плагиаттан аулақ болу, ақпаратты дұрыс сілтеме жасау сияқты дағдыларды үйретуі тиіс. Бұл олардың жауапкершілігін арттырып, саналы цифрлық азамат ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда бұлттық технологияларды қолдану да информатика сабағының тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады, себебі олар ақпаратты сақтау, өңдеу және бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Оқушылар бұлттық платформалар арқылы бірлескен жобалар жасап, деректермен ортақ жұмыс істеуді үйренеді. Бұл олардың коммуникациялық дағдыларын дамытып қана қоймай, заманауи жұмыс форматына бейімделуіне мүмкіндік береді.

Цифрлық әлемнің тағы бір маңызды бағыты – креативті индустриялармен байланыс, себебі информатика тек техникалық біліммен шектелмей, шығармашылықпен де тығыз байланысты. Графикалық дизайн, анимация, бейнемонтаж, ойын жасау сияқты бағыттар оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Мұғалім осы бағыттарды сабаққа енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың қабілеттерін жан-жақты дамытуға жағдай жасай алады.

Сонымен бірге цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың уақытты басқару және өзіндік ұйымдастыру дағдыларын дамытуға болады, себебі цифрлық ортада тиімді жұмыс істеу үшін жоспарлау мен тәртіп маңызды. Мұғалім тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындау, жобаларды уақытында аяқтау және нәтижені бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізуі тиіс. Бұл оқушылардың жауапкершілігін арттырып, олардың оқу процесіне саналы қатысуына ықпал етеді.

Осы бағыттың жалғасы ретінде информатика сабағында цифрлық портфолио жүргізудің маңызы ерекше, себебі ол оқушының жетістіктерін жүйелі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Оқушылар өз жұмыстарын жинақтап, талдап, жетістіктері мен кемшіліктерін анықтай алады. Бұл олардың рефлексия жасау қабілетін дамытып, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады.

Осылайша, цифрлық әлем жағдайында информатика пәнін оқыту – жан-жақты, жүйелі және инновациялық тәсілді талап ететін күрделі үдеріс болып табылады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, жаңа технологияларды тиімді қолдануы және оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруі білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқушылар цифрлық ортада еркін әрекет ететін, ақпаратты талдай алатын және жаңа технологияларды саналы түрде қолдана білетін тұлға ретінде қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында информатика пәнін оқыту әдістемесі. – Астана, 2021.

2. Назарбаев Зияткерлік мектептері. Педагогикалық шеберлік орталығы: оқу-әдістемелік құралдар жинағы. – Астана, 2020.

3. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Цифрлық білім беру технологиялары: оқу құралы. – Алматы, 2021.

4. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Білім берудегі цифрлық трансформация мәселелері. – Алматы, 2022.

5. Сарсенбаева А.С. Информатика сабағында цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану // Білім. – 2023. – №4. – 45–49 б.

6. Төлегенов Қ.Ж. Оқушылардың алгоритмдік ойлауын дамыту әдістері // Педагогика және психология. – 2020. – №2. – 78–84 б.

7. Исабеков Н.Б. Бағдарламалау негіздерін оқытудағы заманауи тәсілдер // Информатика негіздері. – 2022. – №3. – 33–39 б.

Косдавлетова Зина Махмудовна
Педагог-психолог
"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейі (ресурстық орталық)" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ҮЙДЕ ОҚЫТЫЛАТЫН ОҚУШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ: АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

Құрметті ата-аналар!

Бүгін біз өте маңызды тақырыпта әңгіме қозғаймыз – үйде оқытылатын балалардың психологиялық жағдайы және оларға ата-ананың көрсететін қолдауы.

Үйде білім алатын бала – ерекше назар мен түсіністі қажет ететін бала. Ол көбіне құрдастарымен аз араласады, кейде өзін жалғыз сезінуі мүмкін. Осындай жағдайда ата-ананың рөлі ерекше маңызды.

1. Үйде оқитын баланың ішкі әлемі

Үйде оқитын балаларда жиі кездесетін жағдайлар:

жалғыздық сезімі
өзіне сенімсіздік
қорқыныш, мазасыздық
тұйықтық
кейде ашуланшақтық

Бұл – қалыпты құбылыс. Бірақ оны дер кезінде байқап, дұрыс қолдау көрсету – ата-ананың басты міндеті.

2. Ата-ананың ең маңызды рөлі
Бала үшін ең үлкен тірек – ата-ана.
Сіздер:
баланың сенімді досы
қолдаушысы
түсінетін жан бола білуіңіз керек
Ең бастысы – бала өзін қауіпсіз және қабылданған сезінуі тиіс.
3. Баламен дұрыс қарым-қатынас
Кейде ата-аналар байқамай мынадай қателіктер жібереді:
«Сен әлсізсің» дегендей сөздер айту
баланы басқа балалармен салыстыру
шамадан тыс аяу
Оның орнына:
- ✔ Баланы жиі мақтаңыз
- ✔ Оның күшті жақтарын айтыңыз
- ✔ Ашық сөйлесіңіз
- ✔ Тыңдай біліңіз

Маңызды:
Балаға “сен қолыңнан келесің” деген сенім беру керек.
4. Үй жағдайында психологиялық қолдау жолдары
1) Эмоциялық қолдау
күн сайын баламен сөйлесу
көңіл-күйін сұрау
бірге уақыт өткізу
2) Режим сақтау
ұйқы
сабақ
демалыс уақытын реттеу
3) Әлеуметтік байланыс
достарымен онлайн байланыс
туыстармен араласу
4) Бірге әрекет ету
сурет салу
ойын ойнау
фильм көру
5. Қауіп белгілеріне назар аударыңыз
Егер балада:
ұзақ уақыт көңілсіздік
ештеңеге қызықпау
агрессия немесе тұйықталу
ұйқы бұзылуы
байқалса, міндетті түрде психологқа жүгіну қажет.
6. Ата-анаға кеңес
Баланы шектен тыс аямаңыз, бірақ қолдаңыз
Оның әр жетістігін байқап, мадақтаңыз
Өзіне сенімін арттыруға көмектесіңіз
Үнемі байланыста болыңыз
Қорытынды
Құрметті ата-аналар! Сіздің балаңызға ең керегі – қымбат сыйлық емес, сіздің жылы сөзіңіз, қолдауыңыз және сеніміңіз.
Әр бала – ерекше. Ал сіздің махаббатыңыз – оның ең үлкен күші.
Балаңызға сеніңіз, бірге дамыңыз, бірге күшейіңіз!

Журналдың құрылтайшысы және иесі:
«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығы.

Учредитель и собственник журнала:
Научно-методический центр «KEMENGER», относящийся к индивидуальному предпринимателю «BAYANDY».

Журнал 2023 жылдың ақпан айынан бастап жарық көруде.
Басылым 1 айда 3 рет шығады.
Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2022 жылғы 02 желтоқсандағы Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі
№ KZ22VPY00060452 берілген.

Журнал издается с февраля 2023 года.
Периодичность выпуска — 3 раза в месяц.
Журнал выдан комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан
№ KZ22VPY00060452 о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 02 декабря 2022 года.

Құрметті оқырмандар мен авторлар!
Журналда жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Фактілер мен мәліметтердің анықтығына, сондай-ақ стилистикалық қателерге авторлар жауапты.
Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Уважаемые читатели и авторы!
Опубликованные в журнале материалы не отражают точку зрения редакции.
Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях, а также за стилистические ошибки несут авторы.
Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции.

Мекенжайы:
100012, Қарағанды қ.,
Н. Назарбаев даңғ., 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303
Басуға 13.02.2026 ж. қол қойылды.
Пішім 60*90 1/8
ш.б.т. - 26. RISO басылым.
Таралымы - 50 дана.

«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығының полиграфиялық қызметтер бөлімінде басылып шығарылды.

Наш адрес:
100012, г. Караганда,
пр. Н. Назарбаева, 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303
Подписано в печать 13.02.2026 г.
Формат 60*90 1/8
усл.печ.л. - 26. Печать RISO.
Тираж - 50 экз.

Отпечатано в полиграфическом отделе НМЦ «KEMENGER» ИП «BAYANDY».

QR-кодты сканерлеу арқылы бізбен тікелей байланысқа шыға аласыз.
Вы можете связаться с нами напрямую, отсканировав QR-код.



«Мұғалім — мектептің жүрегі.»